https://doi.org/10.32523/2616-7255

ISSN (Print) 2616-7255
ISSN (Online) 2663-2489

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
# ХАБАРШЫСЫ

# BULLETIN
of L.N.Gumilyov Eurasian
National University

№1 (126)/2019

# ВЕСТНИК
Евразийского национального
университета имени Л.Н.Гумилева

ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ
сериясы

HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION
Series

Серия
ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ

**ISSN (Print) 2616-7255**
**ISSN (Online) 2663-2489**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
# ХАБАРШЫСЫ

| ВЕСТНИК | BULLETIN |
|---|---|
| Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева | of L.N. Gumilyov Eurasian National University |

**ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**

**HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION Series**

**Серия ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ**

**1 (126)/2019**

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2019
Astana, 2019

***Бас редакторы***
тар.ғ.д., проф., академик, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті
**Сыдықов Е.Б**. (Қазақстан)

| | |
|---|---|
| Бас редактордың орынбасары (философия) | **Есім Ғ.,** философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (тарих) | **Мусабалина Г.Т**., тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (тарих) | **Сарсембина К.К.,** тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (дінтану) | **Тышхан К**., философ.ғ.к., доцент (Қазақстан) |

*Редакция алқасы*

| | |
|---|---|
| **Әбділдин Ж.М.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Алпысбес М.А.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Артықбаев Ж.О.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Әбділәшімұлы Д.** | PhD, проф. (Қытай Халық Республикасы) |
| **Әбдуақап Қара** | тар.ғ.д., проф. (Түркия) |
| **Бозжигитова М.М.** | философ.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Бороффка Николаус** | PhD (Германия) |
| **Буканова Р.Г.** | тар.ғ.д., проф.(Ресей) |
| **Бурбаев Т.К.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Васильев Д.В.** | тар.ғ.д., доцент (Ресей) |
| **Джампеисова Ж.М.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Дүкенбаева З.О.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Ерменбаева Г.К.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Жакиянов Т.Ж.** | с.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Жеребцов И.Л.** | тар.ғ.д. (Ресей) |
| **Ибадуллаева З.О.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Иманжүсіп Р.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Исмагамбетова З.Н.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Каженова Г.Т.** | тар.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Камарова Р.И.** | философ.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Ковальская С.И.** | тар.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Кумеков Б.Е.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Құрманалиева А.Д.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Любичанковский С.В.** | тар.ғ.д., проф. (Ресей) |
| **Медеуова К.А.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Муминов А.К.** | тар.ғ.д., проф.(Түркия) |
| **Мусагалиева А.С.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Мустафина Р.М.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Нұрышева Г.Ж.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Педрацки М.** | PhD д-ры, доцент (Польша) |
| **Пианчолла Николо** | PhD д-ры (Гонконг) |
| **Рахимбекова А.Ж.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Рысқалиев Т.Х.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Садықов Т.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Сайлаубай Е.Е.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Самашев З.С.** | тар.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Сапарғалиева С.Ж.** | философ.ғ.д., доцент (Қазақстан) |
| **Саркулова М.С.** | философ.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Сейтказина К.О.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Таиров А.Д.** | тар.ғ.д. (Ресей) |
| **Таймағамбетов Ж.Қ.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Ташағыл А.** | проф. (Түркия) |
| **Умиткалиев У.У.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Хабдулина М.К.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Чарлз Уиллер** | философ.ғ.д., проф. (АҚШ) |
| **Шаповал Ю.В.** | философ.ғ.д., доцент (Қазақстан) |
| **Шемшек Ахмед** | философ.ғ.д., проф. (Түркия) |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 349 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-357)
E-mail: vest_hist@enu.kz
Жауапты хатшы, компьютерде беттеген*:* Қ.Ж. Жұмабекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. **ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**
Меншіктенуші: **ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК**
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 16994-Ж -тіркеу куәлігі
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 25 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі ,13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31 357)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Historical Sc., Professor, Academician, Vice-President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan
Sydykov Ye.B. (Kazakhstan)

| | |
|---|---|
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Yessim G.,** Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Mussabalina G.T.**, Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Sarsembina K.K.**, Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Tyshkhan K.,** Can. of Philosophy (Kazakhstan) |

Editorial board

| | |
|---|---|
| **Abdildin Zh.M.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Alpysbes M.A.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Artykbayev Zh.O.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Abdilashimuly D.** | PhD, Prof. (China) |
| **Abduakap Kara** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey) |
| **Bozzhigitova M.M.** | Doctor of Philosophy (Kazakhstan) |
| **Boroffka Nikolaus** | PhD (Germany) |
| **Bukanova R.G.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Russia) |
| **Burbayev T.K.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Charles Wheeler** | Doctor of Philosophy, Prof. (USA) |
| **Dzhampeisova Zh.M.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Dukenbayeva Z.O.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Ermenbayeva G.K.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Ibadullayeva Z.O.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Imanzhusip R.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Ismagambetova Z.N.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Kazhenova G.T.** | Can. of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Kamarova R.I.** | Can. of Philosophy (Kazakhstan) |
| **Khabdulina M.K.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Kovalskaya S.I.** | Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Kumekov B.E.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Kurmanaliyeva A.D.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Lyubichankovskiy S.V.** | Doctor of Historical Sc., Prof.(Russia) |
| **Medeuov K.A.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Muminov A.K.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey) |
| **Musagaliyeva A.S.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Mustafina R.M.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Nurysheva G.Zh.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Pedracka M.** | PhD, Assoc.Prof.(Poland) |
| **Piancolla Nicolo** | PhD (Hong Kong) |
| **Rakhimbekova A.Zh.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Ryskaliyev T.Kh.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Sadykov T.** | Doctor of Historical Sc. , Prof. (Kazakhstan) |
| **Sailaubay E.E.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Samashev Z.S.** | Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Sapargaliyeva S.Zh.** | Can. of Philosophy, Assoc. Prof. (Kazakhstan) |
| **Sarkulova M.S.** | Can. of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Seytkazina K.O.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Shapoval Yu.V.** | Doctor of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Shayakhmetov N.U.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Shemshek Akhmed** | Doctor of Philosophy, Prof. (Turkey) |
| **Taitrov A.D.** | Doctor of Historical Sc. (Russia) |
| **Taymagambetov Zh.K.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Tashagyl A.** | Prof. (Turkey) |
| **Umitkaliyev U.U.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Vasilyev D.V.** | Doctor of Historical Sc., Assoc.Prof. (Russia) |
| **Zhakiyanov T.Zh.** | Can. of Sociological Sc. (Kazakhstan) |
| **Zherebtsov I.L.** | Doctor of Historical Sc. (Russia) |


Editorial address:2, Satpayev str., of.349, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-357)
E-mail: vest_hist@enu.kz

Responsible secretary, computer layout:
K. Zh. Zhumabekova

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series
Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 16994-Ж from 27.03.18
Periodicity: 4 times a year
Circulation: 25 copies
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-357)

***Главный редактор***
д.и.н., проф., академик, вице-президент Национальной академии наук Республики Казахстан
**Сыдыков Е.Б.** (Казахстан)

| | |
|---|---|
| Зам. главного редактора (философия) | Есім Ғарифолла, д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (история) | Мусабалина Г.Т., д.и.н., проф. (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (история) | Сарсембина К.К., к.и.н., доцент (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (религиоведение) | Тышхан К., к.философ.н., доцент (Казахстан) |

*Редакционная коллегия*

| | |
|---|---|
| **Абдильдин Ж.М.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Абдилашимулы Д.** | PhD, проф. (Китайская Народная Республика) |
| **Абдуакап Кара** | д.и.н., проф. (Турция) |
| **Алпысбес М.А.** | д.и.н., проф.(Казахстан) |
| **Артыкбаев Ж.О.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Бозжигитова М.М** | д.философ.н. (Казахстан) |
| **Бороффка Николаус** | PhD (Германия) |
| **Буканова Р.Г.** | д.и.н., проф.(Россия) |
| **Бурбаев Т.К.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Васильев Д.В.** | д.и.н., доцент (Россия) |
| **Джампеисова Ж.М.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Дукенбаева З.О.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Ерменбаева Г.К.** | к.и.н.., доцент (Казахстан) |
| **Жакиянов Т.Ж.** | к.с.н. (Казахстан) |
| **Жеребцов И.Л.** | д.и.н. (Россия) |
| **Ибадуллаева З.О.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Иманжусип Р.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Исмагамбетова З.Н.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Каженова Г.Т.** | к.и.н. (Казахстан) |
| **Камарова Р.И.** | к.философ.н. (Казахстан) |
| **Ковальская С.И.** | д.и.н. (Казахстан) |
| **Кумеков Б.Е.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Курманалиева А.Д.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Любичанковский С.В.** | д.и.н., проф.(Россия) |
| **Медеуова К.А.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Муминов А.К.** | д.и.н., проф. (Турция) |
| **Мусагалиева А.С.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Мустафина Р.М.** | д.и.н, проф. (Казахстан) |
| **Нурышева Г.Ж.** | д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| **Педрацки М.** | PhD, доцент (Польша) |
| **Пианчолла Николо** | PhD (Гонконг) |
| **Рахимбекова А.Ж.** | к.и.н, доцент (Казахстан) |
| **Рыскалиев Т.Х.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Садыков Т.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Сайлаубай Е.Е.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Самашев З.С.** | д.и.н. (Казахстан) |
| **Сапаргалиева С.Ж.** | к.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Саркулова М.С.** | к.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Сейтказина К.О.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Таиров А.Д.** | д.и.н. (Россия) |
| **Таймагамбетов Ж.К.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Ташагыл А.** | проф. (Турция) |
| **Умиткалиев У.У.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Хабдулина М.К.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Чарлз Уиллер** | д.философ.н., проф. (США) |
| **Шаповал Ю.В.** | д.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Шемшек Ахмед** | д.философ.н., проф. (Турция) |

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 349
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-357)
E-mail: vest_hist@enu.kz
Ответственный секретарь, компьютерная верстка
Д.С. Байтлесова

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. ***Серия:*** **Исторические науки. Философия. Религиоведение**
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 16994-Ж от 27.03.18.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 25 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-357)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

©Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилев

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР

#### Қазіргі Қазақстан тарихы

***Абдыкулова Г., Мусабалина Г.Т.*** Үлкен қаланың күнделікті өмірінде тамақтану мәдениеті (Астана қ. мысалында) .................... 8

***Алпысбес М.А., Ускембаева А.А.*** Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістердің даму тәжірибесі мен болашағы .................... 20

***Ауанасова Ә.М., Нұрпейісов Е.Қ.*** Посткеңестік Қазақстандағы сайлау заңнамасының тарихы .................... 26

***Байсыиков С.А.*** 29 мамыр - БҰҰ бітімгершілерінің халықаралық күні .................... 36

***Моминова Г.Т., Алпысбес М.А.*** Қазақстанның тарихи географиясының ғылыми тұрғыда зерттелу мәселелері .................... 44

***Табулдинова А.М., Кадырова Г.К.*** 1940 – 1949 жылдардағы Қытайдағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісі және оның нәтижесі .................... 57

### ЭТНОЛОГИЯ

***Жанисов А.Т., Кумисова А.О.*** Қазақтардың жауынгерлік дәстүрі мен әскери өнері (тарихи-этнографиялық материалдар негізінде) .................... 63

### ФИЛОСОФИЯ

***Есім Ғ.*** Pálsapa ренессансы .................... 70

***Чарльз Р. У.*** Профессор Ғарифолла Есімнің тәлімгерлігі: өмір сабақтарынан туындаған қазақ мұсылман мектебі .................... 77

## CONTENTS

### HISTORICAL SCIENCES

#### Modern history of Kazakhstan

***Abdykulova G., Musabalina G.T.*** Food culture in everyday big city life (the case of Astana city) ....................... 8

***Alpysbes M.A., Uskembayeva A.A.*** Experience and prospects for the development of integration processes in Central Asia ........................................................................................................................................ 20

***Auanasova A.M., Nurpeisov E.K.*** The history of election law in post-Soviet Kazakhstan .............................. 26

***Baisyikov S.*** 29 may- International Day of UN Peacekeepers ........................................................................ 36

***Mominova G.T. Alpysbes M.A.*** On the experience Problems of scientific research of the historical geography of Kazakhstan ........................................................................................................................................ 44

***Tabuldinova A.M., Kadyrova G.K.*** National – liberation uprising of the Kazakhs in China in the years 1940-1949 and its results ........................................................................................................................................ 57

### ETHNOLOGY

***Janisov A.T., Kumissova A.O.*** Martial traditions and military art of the Kazakhs (on the basis of historical ethnographic materials) ........................................................................................................................ 63

### PHILOSOPHY

***Esim G.*** Renaissance pálsapa........................................................................................................................ 70

***Чарльз Р. У.*** Mentorship under professor Garifolla Yessim: life lessons from a kazakh muslim scholar ......... 77

## СОДЕРЖАНИЕ

### ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

**Современная история Казахстана**

***Абдыкулова Г., Мусабалина Г.Т.*** Культура питания в повседневной жизни большого города (на примере г. Астана) ........ 8

***Алпысбес М.А., Ускембаева А.А.*** Опыт и перспективы развития интеграционных процессов в Центральной Азии ........ 20

***Ауанасова А.М., Нурпеисов Е.К.*** История законодательства о выборах в постсоветском Казахстане ... 26

***Байсыиков С.А.*** 29 мая – Международный день миротворцев Организации Объединенных Наций ..... 36

***Моминова Г.Т., Алпысбес М.А.*** Проблемы научного изучения исторической географии Казахстана ... 44

***Табулдинова А.М., Кадырова Г.К.*** Национально – освободительное восстание казахов в Китае в 1940-1949 годах и его результаты ........ 57

### ЭТНОЛОГИЯ

***Жанисов А.Т., Кумисова А.О.*** Боевые традиции и военное искусство казахов (на основе историко-этнографических материалов) ........ 63

### ФИЛОСОФИЯ

***Есим Г.*** Ренессанс pálsapa ........ 70

***Чарльз Р. У.*** Наставничество профессора Гарифолла Есим: уроки жизни казахской мусульманской школы ........ 77

ХҒТАР 03.81.33

**Г.Т. Моминова, М.А. Алпысбес**
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
*(E-mail: MG_29@mail.ru, alpysbes@mail.ru)*

# Қазақстанның тарихи географиясының ғылыми тұрғыда зерттелу мәселелері

**Аңдатпа.** Мақалада тарихи географияның кейбір мәселелері ғылыми тұрғыда зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Сондай-ақ тарихи-географияның дамуына үлес қосқан отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері талданды. Тарихи географияның ғылым жүйесіндегі орны, терминнің қалыптасуы, дамуы мәселелері көрсетілген. Сонымен бірге картографияның тарихи географиядағы маңыздылығы жайындағы еңбектерге шолу жасалды. Сонымен қатар отандық, ресейлік және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне тоқталып, Қазақстанның тарихи географиясын жан-жақты зерттеулеріне үлес қосқандығын көреміз. Негізінен тарихи география кенже дамыған ғылым саласы болғандықтан тарих ғылымындағы орнын анықтау біз үшін аса маңызды болып табылады. Төменде көрсетілген зерттеушілердің еңбектерінен аңғарғанымыз Қазақстанның тарихи географиясына мейілінше үлес қосып, топонимика, шаруашылық, аумақтық-әкімшіліктік бөлініс т.б мәселелерге тоқталған. Мақала өзектілігімен тарих ғылымында маңызды орынға ие.

**Түйін сөздер:** тарихи география, кеңістік, қоршаған орта, қазақ халқы, ландшафт, картография.

**DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2019-126-1-44-56**

**Кіріспе.** Тарихи география ұғымы алғаш рет Ұлы географиялық жаңалықтар ашулар кезіңінде қалыптасты. Сондай-ақ тарихи географияның қалыптасуына XVI ғасырдағы географтар А. Ортелия, Г. Меркатора, Л. Гвиччардини, кейіннен XVII-XVIII ғасырларда Ф. Клювера мен Ж.Д. Анвиля еңбектерінің маңыздылығы жоғары болды. Алдымен «тарихи география» терминінің анықтамасына тоқталсақ: **тарихи география** дегеніміз - қоғам мен табиғаттың, уақыт пен кеңістіктің байланысын, арақатынасының заңдылықтарын зерттейтін, тарих пен география ғылымдарының тоғысында қалыптасқан ғылым [1]. Тарихи география тұрғысындағы ғылыми зерттеулерді тереңдете түсу өте маңызды болғандықтан, осы бағытта жасалған кейбір зерттеулерге шолу жасаймыз.

**Әдіснама.** Тарих ғылымының ішкі және сырттай пәнаралық байланысы тұрғысынан жеке қалыптасқан субпәннің бірі тарихи география болып табылады. Тарихи география – қоғамдық пен жаратылыстану ғылымдары аясында қалыптасқан зерттеу объектісіне қарай мәселенің өзара үйлесуінің бір нәтижесі, оның ішінде ономастика, топонимика, жер бедері, климатология, картография және тағы басқа мәселелердің тарихи географиялық зерттеулердің жеке аспектілерін құрауы мүмкін. Ономастика – тарих пен лингвистиканың зерттеу нысаны мен пәндерінің объективті түйісуі болғанымен, тарихи-топонимикалық зерттеулерде міндетті түрде география саласында қалыптасқан әдістер мен географиялық білім жетістіктерін ескерілуі тиіс деп білеміз. Белгілі тарихшы В.К. Яцунский: «историческая география изучает конкретную созданную обществом географию населения и хозяйства, а также и преображенную людьми географию природы, в условиях которой эти люди прошлого жили» [2] деген анықтама береді. Ал 1932 жылы британдық географ Гилберт (Gilbert) «Термин «историческая география» не имеет вполне определенного значения для историка и для географа. Работы, обозначаемые этим термином, включают большое разнообразие тем, которые значительно различаются между собой по характеру и цели» [3]. Яғни, тарихи географияның қарастыратын мәселелері жан-жақты болып келеді, белгілі бір өлкенің халқы мен оның шаруашылығы ғана емес, адам баласының мәдени тұрмыс-тіршілігі нәтижесінде болған өзгерістерді тарихи ланшафт тұрғысынан қарастырады. Ал, орыс тарихшы-

сы С.М. Середонин: «...весьма полно характеризует проблемы исторической географии в понимании представителей исторического направления не только дореволюционного, но и современного времени. В приведенных определениях подкупает постановка общей весьма значительной задачи исторической географии – изучение взаимоотношения между человеком и природой в разные исторические периоды» [4] - деп жазды. Демек, тарихи география, ең бастысы, адам мен табиғат арасындағы байланысты, яғни тарихи үдерісті оның маңызды факторы болып табылатын табиғат үдерістері арқылы талдауға алады.

**Талқылау.** Сонымен «тарихи география» тарих ғылымындағы тарихи процестердің, кеңістік пен қоршаған ортаның, аумақтың нақты географиясын зерттейтін көмекші тарихи пән ретінде анықталды. Атап айтқанда, тарихи география - мемлекеттер мен олардың әкімшілік-аумақтық бірліктерін, ішкі және сыртқы шекараларының динамикасын, қалаларды, ауылдарды, елді мекендерді, бекіністерді және т.б. орналасуы мен топографиясын, тарихи маңызы бар географиялық саяхаттардың, экспедициялардың, әскери жорықтардың бағыттарын және тарихи оқиғалардың орындарын анықтайды.

Демек тарихи география қоршаған орта тарихы. Адамзаттың табиғатпен тығыз қарым-қатынаста өмір сүруі табиғи заңдылық. Бұл туралы белгілі шежіреші М.Ж. Көпейұлы өзінің «Қазақстан тарихы және географиясы деректері» атты еңбегінде: «Заман дегеніміз – әр уақыт жаңарып тұратын бір нәрсе. Оның жаңаруымен басқа нәрселер де жаңарып тұрады.... Ауалар өзгеріліп, теңіз сулары кеуіп, теңіз түбіндегі жерлер үстіге шығып, адамдар тіршілік етуге жараған» - дей келе, «жағырафия - бек кең ғылым болып бірнеше бөлімге айырылады. Атақты бөлімдері мыналар: жағырафия риазы, жағырафия табиғи, жағырафия сабасы, жағырафия тарихы» [5] – деп көрсеткен.

Қазақстан тарихында тарихи географияның негізін қалыптастырған орыс саяхатшылары мен зерттеушілері болды. Олар: П.И. Рычков, П.С. Паллас, В.Н. Татищев, Г.С. Карелин, А. Гумбольдт, Н.А. Северцов, А.И. Левшин, П.П. Семенов Тянь-Шаньский, И.В. Мушкетов және қазақ халқының белгілі ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов.

Қазақстанның тарихи географиясы жайында алғашқы ғылыми еңбек жазған П.И. Рычков болды. Ол 1762 жылы «Топография Оренбургской губернии» атты еңбегін жарыққа шығарды. Автор Орынбор қазақтарының этногеографиясын, Орта және Кіші жүз руларының құрамын, Еділ мен Жайық аралығындағы Хақназар ханның билігін жан-жақты зерттеген [6]. П.И. Рычков Орынбор губерниясын қамтитын жерлердің шекарасын: «Гурьев қаласынан Жайық өзенінің құяр сағасына дейін, қазақтар екі жақ бетінде қыстайтын Жем өзені аңғары, Арал теңізінің жоғарғы жақ бөлігі, Сырдария мен Қуаңдария өзендерінің аралығы, Қуаңдарияның Сырдариядан бастау алатын сағасынан бастап, Сырысу өзені құятын Төлекөл көлі аңғары, Сарысу өзені мен Жоңғар тауы етегі» [6, 32 б.] - деп көрсеткен. 1769-1772 жылдары баласы Н.П. Рычков өлкеден материалдар жинап, «Капитан жазбалары» атты еңбек жариялаған болатын[7].

Академик П.С. Паллас 1768-1774 жылдары Қазақстанға жасалған алғашқы экспедицияны басқарып, 1769 жылы өлке тарихына қатысты «Путешествие по разным провинциям Российского Государства» атты еңбегін жариялады. Аталмыш еңбекте өлкенің ландшафтық ерекшелігін зерттеп, физико-географиялық тұжырымдар жасайды [8].

Тарихшы және географ В.Н. Татищев өзінің «Предложения о сочинении истории и географии Российской» еңбегінде былай жазады: «Гистории ж всякие хотя действа и времена от слов имеют нам ясны представить, но где в каком положении или расстоянии, что учинилось, какие природные препятствия и способности тем действам были, також, где который народ прежде жил и ныне живет, как древние города ныне имеются и куда перенесены, оное география и сочиненные ландкарты нам изъясняют и тако история или деесказания и летописи, без землеописания (географии) совершенного удовольствования к знанию нам подать не могут». Сондай-ақ автор тарихи географияның міндеттерін нақтылайды [9].

XIX ғасырдың басында Қазақстан аумағын зерттеуші экспедициялардың саны артты. 1827-1872 жыл аралығында Г.С. Карелин өлкені картаға түсірді. Сонымен қатар өлкенің басқа да аймақтарын, оның ішінде Каспий теңізі жағалауы, Алтай және Саян, Тарбағатай, Жетісу, Алатау тауларының географиясын, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қатысты материал жинады.

Экспедиция нәтижесінде 1883 жылы «Путешествия Г.С. Карелина по Каспийскому морю» [10] атты зерттеуін жариялады. Автор өз еңбегінде Каспийдің табиғатын жылдың төрт мезгіліндегі географиялық ерекшелігіне, өсімдіктері мен шаруашылығына, климаттық жағдайына қатысты құнды тарихи мәліметтер қалдырған. Неміс ғалымы А. Гумбольдт өз зерттеулерінде «табиғатты тұтас күйінде ұғыну және табиғи күштердің іс-қимылы туралы куәліктер жинауды» алға тартады. Сондай-ақ физикалық география, ландшафт, экологиялық география сынды салалардың негізін қалады. Қазақстанның Семей, Каспий маңында болып, климатын, экологиясын зерттеп, жүрген аймағын картаға түсіріп отырған [11].

Е.П. Ковалевский, П.И. Небольсин және Орта Азия мен Қазақстанды зерттеуге 23 жылын арнаған саяхатшы Н.А. Северцов болды. Саяхатшылар қазақ жерін топографиялық картаға түсіріп, табиғи байлықтарын зерттеді. Н.А. Северцов Тянь-Шань тауларын, Аралдағы Қызылқұмды, Сырдың бойын тұңғыш рет толық тарихи географиялық тұрғыда зерттеп, географиялық және геологиялық карталарын жасады. Н.А. Северцовтың «Путешествия по Туркестанскому краю» атты еңбегі жарық көрді. Аталмыш еңбек Қазақстан аумағын физикалық - географиялық тұрғыда танып білуге септігін тигізді [12].

XIX ғасырдың басында қазақ халқының тарихы туралы көлемді еңбек жазып қалдырған А. И. Левшин. Ғалымның «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» (3 том) еңбегінің құндылығы жоғары. Автор I томда қазақ ордаларының географиялық ерекшеліктері, табиғаты мен топырағы жайында мәліметтерді жинақтаса, II-III томдарда қазақ халқының тарихы мен этнографиясына арнады [13]. Аталмыш еңбек кейіннен Қазақстанда қайта басылып, жарияланды.

Атақты географ П.П. Семенов қазақ даласы жайында жүйелі еңбектер жазды. Саяхатшы өлкенің географиясына жаңаша сипаттама беріп, тұңғыш рет биік тау ландшафтын анықтады. П.П. Семенов жетекшілігімен жарық көрген «Географическо-статистический словарь Российской Империии» атты еңбекте атауларға анықтама береді. Сондай-ақ Қазақстанның өзен-көлдері мен елді-мекен атауларын да қарастырып, оларға тарихи географиялық және этнографиялық тұрғыда сипаттама берген [14].

Атақты геолог И. В. Мушкетов 1877 жылы Орталық Азияға сапар шегіп, Қазақстанның түрлі аймақтарын аралап, нәтижесінде 1881 жылы «Түркістан» атты монографиясын жариялады. Ғалым қазақ даласының табиғи- географиялық, климаттық және геологиялық қазба жұмыстарын зерттеумен айналысты [15].

Тарихи география саласы әр еңбегінде жан-жақты талданып, жүйелілігімен ерекшеленетін зерттеуші ғалым Ш.Ш. Уәлиханов. Ол өзінің аз ғана ғұмырында халқына өшпес мұра қалдырды. Өлкенің тарихын, тарихи географиялық ерекшеліктерін, шаруашылығын, дәстүрін, ауызша деректерін, табиғаты мен территориясын зерттеп, оларға баға берген. «Іле өлкесінің географиялық очеркі» атты еңбегінде қазақ даласына географиялық сипаттама береді. «Іле үш тарамнан тұрады: Текес, Қашкөл және Күнгес.. Іле өзіне жан-жақты барлық тау өзендерін қосып алып, сол атауымен бірнеше саласымен қосылып Балқашқа барып құяды. Іленің ұзындығы 800 шақырымнан астам, Талғар өзенінің сағасына жақын жерінің кіндігі 200 сажын, Балқашқа қарай қатты құлдырайтындықтан және Алатау суының көптігінен ағысы өте жылдам» - деп Іле өлкесін суреттейді [16].

Ш. Уәлиханов қазақ даласының шаруашылығына да баса назар аударған. Себебі өлкенің басты шаруашылығы мал өсіру және егіншілік болатын.

Сондай-ақ XIX ғасырдың бірінші жартысында тарихи географияның қалыптасуын-

да Н. И. Надеждиннің «Опыт исторической географии русского мира» атты еңбегін ерекше атауға болады. Автор тарихи география ұғымын алғаш қолданғандардың қатарында болса да, терминге анықтама берген жоқ. Аталмыш еңбектің алғашқы бетіне: «должна быть географическая ландкарта: должна не как только вспомогательное средство, чтоб знать, где что случилось, но как богатый архив самых документов, источников» - деп жазды [17].

Сондай-ақ XIX ғасырда көптеген орыс зерттеушілері географиялық ландшафт мәселесіне көңіл бөле бастады. Олар П. А. Кропоткин, Г.И. Танфильев және В. В. Докучаев. Ал тарихи географияның методологиясын анықтауды өз зерттеулерінде талдаған Л. И. Мечников, П. Г. Виноградов, Н. Я. Данилевский, К.Н. Леонтьев болды.

Ресейдегі топырақтану саласының маманы В.В. Докучаев «Русский Чернозем» атты еңбегінде жердің, топырақтың маңыздылығын негіздеген. Автор еңбегінің алғашқы тарауын «Исторический очерк географии русского чернозема» деп атап, «Понятие «чернозем» употребляется в нескольких смыслах: чернозем можно назвать живым организмом, который нельзя сотворить искусственно» [18] -деген анықтама береді. Араб тілінде «адама» деп жердің құнарлы қабатын, яғни шым қабатын атайды. Мұның өзі, адамның тәні жер-тозаңнан айқын жаратылатынын белгісі. В.В. Докучаев қара топырақтың Ресейдің баға жетпес байлығы дей келе, жер, топырақ қашан да адам қамқорлығымен ғана пайдаға асатынын айтады. Әрине, жер қай қоғамда болмасын баға жетпес байлық болып саналады.

Ресейдегі тарихи географияның негізін салушылардың бірі, тарихшы С. К. Кузнецов. Ол «Русская историческая география» (2 том) атты еңбек жариялады. Еңбекте тарихи географияның әдіс тәсілдері мен ғылымдағы маңыздылығы қарастырылған. Сондай-ақ автор өз еңбегінде «... до тех пор пока задачей исторической географии считали только определение территории данного народа или государства, определение одних его политических границ, пользуясь для этого исключительно летописными данными, дело представлялось сравнительно легким» - дей келе, «XVIII в. объем исторической географии значительно расширяется: в нее начинают вносить определение географических пунктов, имеющих отношение к территории данного государства – рек, городов, урочищ, гор и др, ....». С.К. Кузнецов тарихи география саласы әлемдік елдердің және өз Отанының тарихын игеру үшін маңызды деген тұжырым айтқан [19].

Ғалымдардың басым бөлігі тарихи географияның дамуы тарихи картографиямен тығыз байланысты деген тұжырымға келді. Себебі, тарихи-географияда халықтың тарихи орналасу динамикасы, әртүрлі халықтардың қоныстануы, әлемнің саяси картасында мемлекеттік шекаралардың өзгеруі мәселелерінің анықталуы маңызды.

Белгілі шежіреші М.Ж. Көпейұлы «Қазақ тарихы және географиясы деректері» атты еңбегінде жағырафия (география-авт.) туралы: «Жағырафия – бек кең ғылым... Атақты бөлімдері мыналар: жағырафия риазы, жағырафия табиғи, жағырафия сабасы, жағырафия тарихы....» [20] -деп жазды. Сондай-ақ аталмыш еңбегінде: «Заман дегеніміз – әр уақыт жаңарып тұратын бір нәрсе. Оның жаңаруымен басқа нәрселерде жаңарып тұрады. Сол себепті (себепплі) жер-жүзінде болған нәрселер әр уақыт жаңарып, өзгеріп тұрғаны сияқты жеріміз өзі де жаңару, өзгеруден құтылмайды. Ауалар өзгеріліп, теңіз (деңіз) сулары кеуіп, теңіз түбіндегі жерлер үске (үстігe) шығып, адамдар тіршілік етуге жараған. Әуелде адамдар тіршілік еткен кей жерлер су астында қалған, яки шөпсіз сусыз құм халінде қалған. Тұтас теңіздер айырылған, айырымдары қосылған. Естіген хабарлардың рас-өтірігін біліп тексеру үшін жердің жайын білу керек» - дейді [20, 219-220 б].

Қазақ даласының табиғи-географиялық ерекшеліктеріне талдау жасаған Ә. Бөкейханов болды. Сонымен қатар топырақ қабатының ерекшеліктерін, шаруашылығын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеді. Ә. Бөкейханов өзінің 1910 жылы жарық көрген «Киргизы» атты еңбегінде: «Қырғыздар 8-10 ай бойы бір орында отырып тіршілік етеді. Қырғыздардың мекені «қыстау» деп аталады.....Қыстаудың мөлшері уездің табиғи

тарихи жағдайларына тәуелді, оның көлемі жайылым мен топырақтың өнімділігіне байланысты» [21, 68 б]. Ә. Бөкейханов қоныс аудару саясатының қазақ даласының аграрлық саласына тигізген кері әсері жайынада тоқталған.

Тарихи географияның қажеттілігін ғылыми негіздеген В.К. Яцунский болды. Ол өзінің «Историческая география» атты еңбегінде: «Историку историческая география дает конкретную пространственную локализацию исторического процесса и тем, во-первых, способствует конкретизации и углублению наших представлений о многих сторонах исторического процесса, во-вторых, позволяет уловить и объяснить ряд местных особенностей в его развитии» [2, 10 б.] -дейді. Сондай-ақ тарихи география тарихшыға да, географтарға да қоршаған орта туралы немесе тарихи оқиғаның белгілерін, мемлекеттің табиғи-климаттық жағдайына қатысты дұрыс методологиялық зерттеулер жүргізуге септігін тигізеді.

В.К. Яцунскийдің тарих ғылымында географиялық карталарды қолданбай зерттеу жүргізудің мүмкін еместігін алға тартады. Автор: «географические карты прошлого принадлежат к категории исторических источников, которыми пользуется историческая география, можно сказать они являются специфическим свойственным именно исторической географии, видом исторических источников»[2, 124 б.] - дейді. Ал В.П. Максаковский өзінің «Историческая география мира» атты еңбегінде география ғылымының жүйесінде тарихи география көмекші пән ретінде емес, тарих пен география арасындағы қалыптасқан шекаралық пәнге жатқызады.

Сондай-ақ В.П. Максаковский «Географиялық энциклопедиялық сөздік» атты еңбекте тарихи географияны бірнеше бөлікке бөліп көрсеткен: 1) физикалық тарихи география; 2) саяси тарихи география; 3) халықтың тарихи географиясы; 4) әлеуметтік тарихи география; 5) экономикалық тарихи география; 6) мәдени тарихи география; 7) қоршаған орта мен табиғаттың қарым-қатынасының тарихи географиясы; 8) тарихи географиялық елтану [22]. Бұл бөлімдердің әрқайсысының атаулары көрсетіп тұрғандай қарастыратын арнайы мәселелері бар. Белгілі ғалым В.П. Максаковский бұл мәселелердің ғылыми тұрғыда талдайды. Ал соңғы жылдары жоғарыда аталған элементтердің алты түрі ғана қолданыста.

XX ғасырдың басында В. В. Бартольдтың «Работа по исторической географии» атты еңбегі жарық көрді. Ғалым Арал маңы мен Амудария өзенінің географиясына тоқталған. Сонымен қатар еңбегінде өзен-көлдердің атауларын араб деректеріндегі алғашқы нұсқа түрінде қолданды (Жейхун, Сейхун) [23].

Табиғат пен қоршаған ортаның қоғам дамуына әсерін зерттеуге ерекше көңіл бөлген Л. Н. Гумилев болды. «Этногенез и биосфера Земли» еңбегінде: «Зависимость человека от окружающей его природы, точнее – от географической среды, не оспаривалась никогда, хотя степень этой зависимости расценивалась различными учеными различно. Но в любом случае хозяйственная жизнь народов, населяющих и населявших Землю, тесно связана с ландшафтами и климатом населенных территорий.... Географический ландшафт воздействует на организм принудительно, заставляя все особый варьировать в определенном направлении, насколько это допускает организация вида. Тундра, лес, степь, пустыня, горы, водная среда, жизнь на островах и т.д. [24]. Сонымен қатар ғалым тарихи географияны ғылым ретінде қарастырады: «о послеледниковом ландшафте в динамическом состоянии, для которого этнос является индикатором». Л.Н. Гумилевтің «Природа» журналына жариялаған материалдары тарихи география саласының дамуына мүмкіндіктер ашты.

Географ В.С. Жекулин «Историческая география: предмет и методы» атты еңбегінде: «Историческая география сформировалась как смежная наука на стыке географии и истории. В своем развитии она тесно соприкасалась с этнографией, топонимикой, аграрной историей и рядом других научных дисциплин. Историческая география – это своеобразная пограничная отрасль знания – в течение долгого времени разрабатывалась усилиями географов и историков, причем исторические тенденции в развитии науки проявлялись более

отчетливо, чем географические» [25] - деген түсінік береді.

Отан тарихында тарихи география кенже дамыған ғылым саласы болып саналады. Жоғарыда көрсеткендей Қазақстанда тарихи география саласы арнайы ғылым ретінде XX ғасырға дейін қолданылмады. Алайда мүлдем қарастырылмады деген сөз емес, жанама түрде болсын қарастырылып келді. Мысалы, В.В. Востров, М.С. Муканов «Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX - начало XX в.)» атты еңбекте қазақ жүздері мен рулық тайпалық құрамның территориясын, орналасқан аймағын және әр аймақтағы өзен көлдердің, топырағын, климатын, шаруашылығын жан-жақты талдап көрсетті. Авторлар Жетісу, Сырдария, Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстарын және уездерін жеке-жеке қарастырған. Мәселен, «Капальский уезд занимал территорию правобережья р. Или на западе, земли от оз. Балхаш на севере до Джунгарского Алатау на юге и юго-востоке..... Предгорная равниная территория уезда пересечена многочисленными горными реками (Тургень, Иссык, Каскелен, Курты и др.) Земледелие (поливное) здесь играло огромную роль в экономике казахского населения» [26].

В.Я. Басин, Н.Е. Бекмаханова «Некоторые историко-географические сведения о размежевании Младшего жуза в XVIII-первой половине XIX в.» атты зерттеулерінде: «Младший жуз от земель яицких казаков на западе до р. Тургай на востоке, на севере по линии Оренбург-Орск, на юге до Аральского моря, на юго-западе до Гурьева городка и Каспийского моря» яғни, Кіші жүз қазақтарының орналасқан әкімшілік-территориясы мен географиялық ерекшеліктерін, шаруашылығын қарастырады. Қазақ халқы көшпелі өмір салтын ұстанғаны белгілі, сол себепті де XVIII-XIX ғасырдағы зерттеулердің барлығы қазақты құрайтын рулардың тарихына, географиясына, аймақтары бойынша табиғи-климаттық жағдайына назар аударды [27].

Көшпелі қазақ қоғамының табиғи-географиялық ерекшеліктерін зерттеген Н. Масанов болды. Ғалым өзінің «Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества» атты еңбегінде көшпелілердің табиғи-климаттық жағдайын, территориясын, экологиялық, этникалық тарихын жан-жақты қарастырған [28].

Тәуелсіздік жылдарынан бері Қазақстандағы тарихи география саласының зерттелуіне үлес қосқан ғалымдар мен зерттеушілер: Б. Көмеков, Р. Идрисов, Ж. Артықбаев, М. Алпысбес, Г. Ксенжик, Н. Шаяхметов, Ж. Жұмабеков, И. Прохоров т.б. Авторлар өз зерттеулерінде тарихи географиялық талдаулар жасап, ғылым саласының дамуына септігін тигізді.

Академик Б. Көмеков зерттеулеріндегі тарихи география мәселелері Қазақстанның ерте орта ғасырлар тарихына байланысты және жазба деректерге негізделген. Сонымен қатар Б. Көмеков зерттеулері Қазақстан тарихнамасында алғаш тарихи-географиялық мәселелерді ғылыми негізде көтерді және осы ғылыми бағытты қалыптастырды [29].

Тарихшы Ж. Артықбаев ауызша тарихи дәстүрге сүйеніп жер-су атауларының тарихына, өлкенің географиялық, этнографиялық ерекшеліктеріне мұрағат құжаттары негізінде талдау жасайды. Ғалымның «Баянауыл» тарихы туралы жазбалары өлкенің тылсым табиғатының ерекшеліктерін суреттесе, Ертіске байланысты жазбалары оның географиялық ерекшеліктерін, аймақтың қасиеттілігін көрсетеді [30].

Қазақ халқының тарихы, табиғи жағдайлардың әсері айтылатын еңбектердің бірі «Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы» атты ұжымдық монографиялық зерттеуіде өлке табиғатына, киелі географиясына, географиялық атаулардың ертеден бергі тарихы айтылады. «Бұқар жырау ауданының тарихы» еңбегінде Бұқар жырау ауданының қалыптасу тарихы, өз заманының әйгілі тұлғалары: Абылай, Бұқар жырау, Едіге би, Шоң би, Шорман би, Алшынбай би т.б қатысты мағлұматтар жинақталып, жүйеленген. Авторлар Сарыарқа аймағында орналасқан Бұқар жырау ауданының табиғи-географиялық сипатын жан-жақты қарастырып: «Табиғаттағы әрбір заттарға, тау-тас, өзен-көлдерге берілген атаулар ұрпақ үшін-үлгі, ұлттық тілдің сарқылмас қазынасы. Бұқар жырау ауданының тари-

хи тұрғыда өзіндік қалыптасқан жер-су атауларының жүйесі бар. Дәстүрлі жер-су атаулары жер сипаты, оның географиялық ерекшеліктері туралы мағыналарды қамтиды» [31].

Тарихшы Р. Идрисов «Историческая география Западного Казахстана в первой половине XIX века» атты зерттеу жұмысында Қазақстанның батыс өлкесінің тарихын, әкімшілік-территориясының мәселелерін, табиғи-географиялық ерекшелігін, шаруашылығын зерттеген [32].

Қазақстанның XIX ғ. – XX ғасырдың басындағы далалық облыстарының тарихи географиясын зерттеген тарихшы Г. Ксенжик. Ол өз зерттеулерінде далалық облыстардың әкімшілік территориясын, дәстүрлі қазақ шаруашылығының географиясын, халықтың этникалық құрамын, қалалар мен елді мекендерді қарастырады. Сондай-ақ автор жеке дара XIX ғ. I жартысындағы; XIX ғ.-XX ғ. басындағы; XIX ғ.-XX ғ. далалық облыстардың әкімшілік-аумақтық бөлінісінің тарихи географиясы атауымен үш карта құрастырған.

Автор тарихи география саласы жайында: «Определение круга проблем исторической географии каждой эпохи зависит от особенностей формирования общества, от основных закономерностей ее исторического развития. Перед исторической географией стоит сложная задача, отталкиваясь от суммы знаний накопленными другими специалистами, определить свой собственный, специфический историко-географический подход к этой проблеме, останавливая главное внимание на территориальных аспектах исследуемых вопросов» [33] - деп айтады. Әрине, тарихи география саласының алдында біршама міндеттер бар, алайда ол міндеттерді орындау үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Тарихшы Н. Шаяхметов Қазақстандағы тарихи география ғылым саласының дамуы бағыттары мен әдіс-тәсілдерін зерттеді. Ғалымның «Қазақстанның далалық облыстарының аграрлық келбетінің өзгеруі: тарихи географиялық талдау (XIX ғ. II жартысы-XX ғ. басы)» атты зерттеуінде: «Қазақстан тарихы ғылымында дамуы жағынан кенже қалып келе жатқан бағыттардың бірі – тарихи география саласы. Оның өзіндік себептері болғандығын жоққа шығаруға болмайды» - дей келе, оның себептерін былай түсіндіреді: «Оның бірі – кеңестік дәуірде маркстік формациялық теорияның үстем болуына орай қоғамдық тарихи үрдістерге таптық көзқарас тұрғысынан баға берілді..... Екінші себеп – тарихи география саласы қосалқы тарихи пәндердің қатарында қарастырылып келген еді» [34] - дейді. Сондай-ақ тарихи географиялық зерттеулерде қай кезеңде болмасын географиялық карталардың алатын орны мен маңызы ерекше екендігін алға тартады.

Н. Шаяхметов: «Картографиялық әдіс тарихи географиядағы жетекші әдіс болып қала береді. Әсіресе, табиғи-климаттық, аумақтық-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық даму ерекшеліктері қалыптасқан.... Қазақстан сияқты елдерді зерттегенде картографиялық әдісті қолданбау мүмкін емес» [34, 8 б.] - деген тұжырым айтады.

Тарихи география саласын өз зерттеулерін де кең қолданған тарихшы Ж. Жұмабеков. Автор өзінің «Ұлытау өңірінің тарихи географиясы» атты диссертациясында өңірге кезең бойынша тарихи-географиялық сипаттама береді. Дәлірек айтқанда Ұлытау өңірінің әкімшілік аумақтық құрылымын, экономикалық, саяси аспектілерін, шаруашылығын, керуен жолдарын жан-жақты талдайды. Автордың зерттеу жұмысынан өлкенің тарихи географиясын зерттеу арқылы ғылым саласының дамуына үлес қосып отырғандығын аңғарамыз [35].

Ал зерттеуші И. Прохоров «Проблемы исторической географии Северо-Восточного Казахстана во второй пол. XVIII-начале XIX вв» атты зерттеуінде Солтүстік-Шығыс Қазақстанның тарихи географиясын қарастырады. Автор «Территория, населения и управление региона», «Историко-географическое своеобразие социально-экономической жизни казахов», «Историко-географические особенности Сибирского казачьего войска» деген тарауларға бөліп қарастырады [36]. Тарихшы Қ. Нұрбаев «Колонизация Северо-Центрального Казахстана (XVIII-I пол. XIX в.): историко-географическая проблема» атты зерттеуінде Қазақстанды отарлаудың тарихи-географиялық мәселелерін ғылыми-теориялық негізде талдаған [37].

Жоғарыда көрсеткеніміздей ұлы географиялық ашулар кезеңінен зерттеуге алынып келе жатқан тарихи география Еуропа елдерінде қызығушылығын тудырғаны рас. Әйгілі неміс географы К. Риттер (Karl Ritter) өз естеліктерінде жазды: «...что география не может обойтись без исторического элемента, если хочет быть истинной наукой о земных пространственных отношениях, а не отвлеченной бледной копией местности.....» [38]. Ал неміс географы А. Геттнер (Alfred Hettner) «историческая география – это всестороняя географическая характеристика территории в определенный исторический период» - деген анықтама берді. Алайда А. Геттнердің тарихи географияға қатысты тұжырымдарын Европалық ғалымдар жоққа шығарады [39].

Тарихи географияның қалыптасқан аспектілерін, табиғат пен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасты зерттеуді өздерінің міндеті деп санаған шетелдік ғалымдар А. Кларк, У. Смит, К. Зауер болды. Американдық географ А. Кларктың (Arthur Clarke) тұжырымы бойынша: «любое изучение гографии прошлого или геогрфических изменений во времени.... независимо от того, будет ли это изучением культуры или физических или биологических условий и каким бы оно ни было ограниченным по теме или по площади» [40] - дейді. Ал ағылшындық тарихи-география саласының маманы У. Смит (William Smith) Англия мен АҚШ тарихи географиясын үш бағытқа бөледі:

1) адамның табиғатқа әсер ететін ландшафтың өзгеру тарихын зерттеу;
2) тарихи география өткеннің географиясын қалпына келтіретін ғылым;
3) географиялық өзгерістерді уақыт бойынша зерттеу [41].

Калифорния штатының белгілі географы К. Зауер (Carl Sauer) тарихи география саласы туралы құнды жазбалар қалдырды. Автор: «что задачей географии является изучение взаимозависимости всех живых существ на земле, причем человек в этой взаимозависимости играет ведушую роль» [25, 22-23 б.]. Әрине ғалымның пікірімен толықтай келісуге болады. Шетелдік зерттеушілер еңбектерінде тарихи география саласының міндеттерін, терминнің анықтамасын, ғылымның даму жолдарын қарастырады. Сондай-ақ «Historical geography» атты орталықтары бар және жыл сайын халықаралық тарихи география конгресі жұмыс жасайды. Негізінен алғанда шетелде тарихи географияның мектептері толығымен қалыптасқан.

**Қорытынды.** Тарихи география пәнаралық ғылым саласының маңызы өте зор, себебі кез келген тарихи оқиғалардың алдымен географиялық локализация мәселесі тұрады, тарихи географиялық әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктерін игеруге, тарихтың жаңа қырларын ашуға, мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық бөлінісін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге тарихи география саласын жүйелі зерттеу тарихи уақыт пен кеңістікті мәселесін өзара тығыз байланысыменен сабақтастықта игеруге, картографияны тануға, топонимикалық атауларды және т.б. жан жақты зерттеуге жол ашады. Дегенмен, әлі де болса елімізде тарихи география ғылым саласы бойынша нақты зерттеу мектептері қалыптаспаған. Ол үшін арнайы мамандар дайындалып, негізін қалыптастыру қажет. Сондай-ақ, қазіргі таңда әлемдік деңгейде қалыптасқан геосаяси жағдайлар отандық тарихи географияны зерттеудің маңызыдылығын арттырып отыр.

**Әдебиеттер тізімі**

1 Русско-казахский географический словарь. Москва, 1968 - С. 278
2 Яцунский В.К. Историческая география. - М.: Изд.: Академия наук ССР, 1955. -328 с.
3 Gilbert. What is historical geography? //Scottish Geographical Magazine -1932. - №3
4 Середонин С. М. Историческая география. - СПб, 1916
5 Көпейұлы М.Ж. . Шығармалары. 9 том. - Павлодар, 2006 -366 бет.

6 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. Сочинение 1762 года. / Рычков П.И. – М.: Книга по Требованию, 2011. – 439 с.
7 Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. - Алматы, 1995. 104 б.
8 Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. Часть 1 СПб.: Императорская Академия наук, 1773 Электронные копии: «Восточная литература - библиотека текстов Средневековья» www.vostlit.info.
9 Татищев В.Н. Предложения о сочинении истории и географии Российской. -СПб.: Императорская Академия наук, 1737 Электронные копии: «Восточная литература - библиотека текстов Средневековья» www.vostlit.info.
10 Карелин Г.С. Путешествия Г.С. Карелина по Каспийскому морю. -СПб., 1883. -С. 475.
11 Гумбольдт А. Картины природа // Пер..с нем. Т.И. Коншиной под.ред. С.В Обручева. - М., 1959.
12 Северцов Н.А. Путешествия по Туркестанскому краю. Москва, ОГИЗ, 1947.
13 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. - Алматы, 1996. - С. 656.
14 Семенов П.П. Географическо-статистический словарь Российской Империии. Т.1. СПб, 1863. - С. 716.
15 Мушкетов И.В. Туркестан. - СПб, 1913. - С. 558.
16 Уәлиханов Ш. Іле өлкесінің географиялық очеркі [электр. ресурс]. -URL: https:// abai.kz/post/5507
17 Надеждин Н.И. Опыт исторической географии русского мира. - СПб, 1837. - С. 52
18 Докучаев В.В. Русский Чернозем. Популярный очерк// Избранные труды. -Москва, 1949. - С. 643.
19 Кузнецов С.К. Русская историческая география. - Москва, 1910. - С. 197.
20 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 9 том. –Павлодар, 2006 - 366 бет.
21 Бөкейхан Ә. Таңдамалы: «Киргизы» мақаласы. –Алматы, 1995. - 477б.
22 Максаковский В.П. Историческая география мира // Электронная библиотека [электр. ресурс] -URL: bookre.org/reader?file=1503513
23 Бартольд В.В. Работа по исторической географии. - М., 1964. - С. 711.
24 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. - Москва, 2007. - С. 102.
25 Жекулин В.С. Историческая география: предмет и методы. - Л.: Наука, 1982. - С. 224.
26 Востров В. В., Муканов М. - С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX - начало XX в.). - Алматы, 1968. - С. 240.
27 Басин В. Я., Бекмаханова Н. Е. Некоторые историко-географические сведения о размежевании Младшего жуза в XVIII-первой половине XIX в.// ИАН КазССР. СО. 1970. №5
28 Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. - Алматы, 1995. - С. 320.
29 Жұмабеков Ж. Отандық зерттеулердегі тарихи география мәселесінің тарихы [электр. ресурс]. -URL: https:// articlekz.com/kk/article/15634
30 Артықбаев Ж.О. Баянауыл. Менің Отаным-Қазақстан. -Алматы, 2009
31 М.А. Алпысбес, Т.Т. Аршабек, Е.Б. Қасен, Е. Кейкі. Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы: Монографиялық зерттеу. – Астана, 2005. -480 бет.
32 Идрисов Р. Историческая география Западного Казахстана в первой половине XIX века. Автореферат. Алматы, 1999. - С. 27.
33 Ксенжик Г. Русская историография исторической географии XVII - начало XX вв.//Казахская цивилизация. 2011. №1-2. - С. 33-37
34 Шаяхметов Н. Қазақстанның далалық облыстарының аграрлық келбетінің өзгеруі: тарихи географиялық талдау (XIX ғ. II жартысы-XX ғ. басы). Тарих ғыл. д-ры ғыл. дәреж.алу үшін дайынд. диссерт. Алматы, 2010. -290 б. Шаяхметов Н. Тарихи-географиялық зерттеу-

лерде геоинформатика әдісін қолдану// Қазақ тарихы. – 2007 №6 8-10 б.
35 Жұмабеков Ж. Ұлытау өңірінің тарихи географиясы (XVғ.-XIX ғ. соңы): 07.00.02. – Қарағанды, 2010.
36 Прохоров И.Р. Проблемы исторической географии Северо-Восточного Казахстана во второй половине XVIII-начале XIX вв. (1758-1822), Астана, 2001. -29 с.
37 Нурбаев К. Ж. Колонизация Северо-Центрального Казахстана (XVIII – первая половина XIX века): историко-географическая проблема, Павлодар, 2006. С. 46.
38 Риттер К. Об историческом элементе в науке землеведения. Т. 2. - М., 1853 С. 482
39 Геттнер А География, ее история, сущность и методы. - М., 1930. С. 139.
40 Кларк А. Историческая география. – В кн.: Американская география. -М., 1957. С. 85.
41 Smith W. Historical geography: current trends and prospects. London, 1965.

**Г.Т. Моминова, М.А. Алпысбес**
*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,*
*Астана, Казахстан*

## Проблемы научного изучения исторической географии Казахстана

**Аннотация.** В статье рассматриваются некоторые проблемы исторической географии в трудах исследователей, а также анализируются труды отечественных, российских и зарубежных исследователей, внесших вклад в развитие исторической географии. Показано место исторической географии в системе наук и прослеживается формирование и развитие данного термина. Представлен обзор трудов, посвященных актуальности картографии в исторической географии. Вместе с тем авторы, опираясь на отечественные, российские и зарубежные труды, вносят свой вклад в исследование исторической географии Казахстана. Историческая география как область науки сформировалась позже, поэтому важно определить ее место в исторической науке. Как отмечено в нижеупомянутых трудах исследователей, основные контексты проблем связаны с топонимическими, хозяйственными и территориально-административными делениями. Поднимаемые вопросы занимают важное место в исторической науке.
**Ключевые слова:** историческая география, пространство, окружающая среда, казахский народ, ландшафт, картография.

**G.T. Mominova, M.A. Alpysbes**
*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

## On the experience Problems of scientific research of the historical geography of Kazakhstan

**Abstract.** The article deals with some problems of historical geography in the works of researchers. And it also analyzes the works of domestic, Russian and foreign researchers who have contributed to the development of historical geography. The place of historical geography in the system of Sciences is shown and the formation and development of this term is considered. As well as an overview of the works devoted to the relevance of cartography in historical geography is given. At the same time, the authors, relying on domestic, Russian and foreign works, contribute to the study of the historical geography of Kazakhstan. In General, historical geography is a relatively later formed area of science, so it is very important to determine its place in historical science. As noted, the main contexts of the problems are focused on toponymic, economic and territorial-administrative divisions in the study of the historical geography of Kazakhstan. Therefore, this article with its relevance has a very important place in historical science.
**Key words:** historical geography, space, environment, Kazakh people, landscape, cartography.

## References

1 Russko-kazakhskiy geograficheskiy slovar' [English-Russian geographical dictionary] (Moscow, 1968, 278 p.) [in Russian]
2 Yatsunskiy V.K. Istoricheskaya geografiya. [Historical geography] (Izd.: Akademiya nauk SSR. Moscow, 1955, 328 p.) [in Russian].
3 Gilbert. What is historical geography [Historical geography], Scottish Geographical Magazine,(3), 1932.
4 Seredonin S. M.. Istoricheskaya geografiya [Historical geography], (SPb, 1916) [in Russian].
5 Kopeyuly M.ZH. Shyġarmalary [Selected work, 9 vol.] (Pavlodar, 2006, 366 p.). [in Kazakh].
6 Rychkov P.I. Topografiya Orenburgskoy gubernii [The topography of the Orenburg province] Sochineniye 1762 goda.: / Rychkov P.I. – M.: Kniga po Trebovaniyu, 2011. – 439 p.
8 Pallas P.S. Puteshestviye po raznym provintsiyam Rossiyskoy imperii. Chast’ 1. [Travel to different provinces of the Russian Empire] Imperatorskaya Akademiya nauk, SPb, 1773 Elektronnyye kopii na sayte: «Vostochnaya Literatura -biblioteka tekstov Srednevekov'ya» http://www.vostlit.info. [in Russian]
9 Tatishchev V.N. Predlozheniya o sochinenii istorii i geografii Rossiyskoy [Suggestions on the writing of history and of geography of the Russian] SPb.: Imperatorskaya Akademiya nauk, 1737 Elektronnyye kopii na sayte: «Vostochnaya Literatura -biblioteka tekstov Srednevekov'ya» http://www.vostlit.info. [in Russian]
10 Karelin G.S. Puteshestviya G.S. Karelina po Kaspiyskomu moryu [Travel of G. S. Karelin on Caspian sea] (SPb., 1883, 475 p.).
11 Gumbol'dt A. Kartiny priroda [Paintings nature]//Per..s nem./[Trans from German] T.I. Konshinoy pod.red. S.V Obrucheva. Moscow, 1959. [in Russian]
12 Severtsov N.A. Puteshestviya po Turkestanskomu kray [Travel to Turkestan] (OGIZ, Moscow, 1947. [in Russian]
13 Levshin A.I. Opisaniye kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaysatskikh ord i stepey [Description Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-kaisak hordes and steppes] (Almaty, 1996. 656 p.) [in Russian]
14 Semenov P.P. Geografichesko-statisticheskiy slovar' Rossiyskoy Imperiii [Geographical and statistical dictionary of the Russian Empire] T.1. SPb, 1863. 716 p. [in Russian]
15 Mushketov I.V. Turkestan [Turkestan] SPb, 1913, 558 p. [in Russian]
16 Ualikhanov SH. Íle olkesíníhg geografiyalyk ocherkí [Geographical sketch of the transili region]// https://abai.kz/post/5507 [in kazakh]
17 Nadezhdin N.I. Opyt istoricheskoy geografii russkogo mira [Experience of historical geography of the Russian world] (SPb, 1837, 52 p. ). [in Russian]
18 Dokuchayev V.V. Russkiy Chernozem. Populyarnyy ocherk [Russian Black Soil. Popular essay]// Izbrannyye trudy (Moscow, 1949. 643 p.). [in Russian]
19 Kuznetsov S.K. Russkaya istoricheskaya geografiya [Russian historical geography] (Moscow, 1910, 197 p.). [in Russian]
20 Kopeyuly M.ZH. Shyġarmalary [Selected work] 9 tom. ( Pavlodar, 2006. 366 p.). [in Kazakh].
21 Bukeykhanov A. Kirgizy [kirghizia]// Bөkeykhan A. Tandamaly [chosen]. (Almaty, 1995, 477 p.). [in Kazakh].
22 Maksakovskiy V.P. Istoricheskaya geografiya mira [Historical geography of the world]// http://bookre.org/reader?file=1503513
23 Bartol'd V.V. Rabota po istoricheskoy geografii [Work on historical geography] (Moscow, 1964, 711 p.) [in Russian]
24 Gumilev L.N. Etnogenez i biosfera Zemli [Ethnogenesis and the earth's biosphere] (Moscow,

2007, 102 p.). [in Russian]
25 Zhekulin V.S. Istoricheskaya geografiya: predmet i metody [Historical geography: subject and methods] (L.: Nauka, 1982, 224 p.) [in Russian]
26 Vostrov V. V., Mukanov M. S. Rodoplemennoy sostav i rasseleniye kazakhov [The tribal structure and resettlement of Kazakhs] (Almaty, 1968, 240 p.). [in Russian]
27 Basin V. YA., Bekmakhanova N. Ye. Nekotoryye istoriko-geograficheskiye svedeniya o razmezhevanii Mladshego zhuza v XVIII-pervoy polovine XIX v. [Some historical and geographical information about the delimitation of the Junior Zhuz in XVIII-the first half of XIX century] // (IAN KazSSR. SO, 1970, №5). [in Russian]
28 Masanov N.E. Kochevaya tsivilizatsiya kazakhov: osnovy zhiznedeyatel'nosti nomadnogo obshchestva [Nomadic civilization of the Kazakhs: the basics of the life activity of nomadic society] (Almaty, 1995, 320 p.). [in Russian]
29 ZHumabekov ZH. Otandyk zertteulerdegí tarikhi geografiya maselesinin tarikhy.// https: // articlekz.com/kk/article/15634 [in Kazakh].
30 Artykbayev ZH.O. Bayanauyl. Менің Otanym-Kazakstan [My motherland Kazakhstan] (Almaty, 2009). [in Kazakh]
31 M.A. Alpysbes, T.T. Arshabek, Ye.B. K̦asen, Ye. Keykí. Kөne Koktau, bayyrġy Bayanaula baytaġynyn tarikhy: Monografiyalyk̦ zertteu [Ancient Koktau, the history of the ancient Bayanaul boulder: Monographical research] (Astana, 2005. 480 p.).
32 Idrisov R. Istoricheskaya geografiya Zapadnogo Kazakhstana v pervoy polovine XIX veka [Historical geography of Western Kazakhstan in the first half of the XIX century] Avtoreferat. (Almaty, 1999, 27 p.). [in Russian]
33 Ksenzhik G. Russkaya istoriografiya istoricheskoy geografii XVII - nachalo XX vv [Russian historiography of historical geography XVII - early XX centuries] The Kazakh civilization // Kazakhskaya tsivilizatsiya №1-2, (2011, 33-37 p.) [in Russian]
34 Shayakhmetov N. Kazakhstannyn dalalyk̦ oblystarynyn agrarlyk̦ kelbetínín ozgeruí: tarikhi geografiyalyk taldau (XIX ġ. ÍÍ zhartysy-XX ġ. basy) [Changes in the agrarian appearance of steppe regions of Kazakhstan: historical geographical analysis (second half of the XIX - beginning of XX century)]Tarikh ġyl. d-ry ġyl. darezh.alu ushín dayynd. dissert. (Almaty, 2010. - 290 b.) Shayakhmetov N. Tarikhi-geografiyalyk̦ zertteulerde geoinformatika adísín koldanu// Kazakh tarikhy. ( 2007, №6, 8-10 p.) [in Kazakh].
35 ZHumabekov ZH. Ulytau onírínín tarikhi geografiyasy (XVġ.-XIX ġ. sony) [Historical geography of Ulutau (XV century-end of XIX)]: avtoreferat 07.00.02. (Karaġandy, 2010). [in Kazakh].
36 Prokhorov I.R. Problemy istoricheskoy geografii Severo-Vostochnogo Kazakhstana vo vtoroy polovine XVIII-nachale XIX vv. (1758-1822) [Problems of historical geography of North-East Kazakhstan in the second half of XVIII-early XIX centuries (1758-1822)] Avtoreferat. (Astana, 2001. 29 p.). [in Russian]
37 Nurbayev K. ZH. Kolonizatsiya Severo-Tsentral'nogo Kazakhstana (XVIII– pervaya polovina XIX veka): istoriko-geograficheskaya problema [Colonization of North-Central Kazakhstan (XVII – first half of XIX century): historical and geographical problem] Avtoreferat. (Pavlodar, 2006, 46 p.). [in Russian]
38 Ritter K. Ob istoricheskom elemente v nauke zemlevedeniya [On the historical element in the science of geography] (Moscow, 1853, T. 2., 482 p.) [in Russian]
39 Gettner A Geografiya, yeye istoriya, sushchnost' i metody [Geography, its history, essence and methods] (Moscow, 1930, 139 p.) [in Russian]
40 Klark A. Istoricheskaya geografiya [historical geography]. V kn.: Amerikanskaya geografiya. (Moscow, 1957, 85 p. [in Russian]
41 Smith W. Historical geography: current trends and prospects. London, 1965 [in English]

**Сведения об авторах:**

***Моминова Г.Т.*** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті тарих факультетінің 2-курс докторанты, Сатпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

***Алпысбес М.А.*** - Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті тарих факультетінің тарих ғылымдарының докторы, профессор,. Сатпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

***Mominova G.T.*** – 2 year PhD Student at the Faculty of History, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

***Alpysbes M.A.*** - Doctor of Historical Sciences, Professor of the Faculty of History, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану» сериясы журналында мақала жариялау ережесі**

1. Журнал мақсаты. Мұқият тексеруден өткен, ғылыми құндылықтары бар тарих, археология, антропология, философия және дінтану салаларының барлық бағыттары бойынша материалдар жариялау.

2. Журналда мақала жариялаушы автор мақаланың қол қойылған бір дана қағаз нұсқасын Ғылыми басылымдар бөліміне (редакцияға, мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Бас ғимарат, 408 кабинет) және vest_hist@enu.kz электрондық поштасына Word форматындағы нұсқасын жіберу қажет. Мақала мәтінінің қағаз нұсқасы мен электронды нұсқалары бірдей болулары қажет.

3. Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қабылданады. Сонымен қатар, автор(лар) ілеспе хат ұсынуы керек.

Автордың қолжазбаны редакцияға жіберуі мақаланың Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысында басуға келісімін, шетел тіліне аударылып қайта басылуына келісімін білдіреді. Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы автор туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына кепілдеме береді.

4. Мақаланың көлемі 18 беттен аспауға тиіс (10 беттен бастап).

Мақаланың құрылымы

5. ХҒТАР http://grnti.ru/ - бірінші жолдың сол жақтауында;

Автор(лар)дың аты-жөні – жолдың ортасында;

Мекеменің толық атауы, қаласы, мемлекеті (егер авторлар әртүрлі мекемеде жұмыс жасайтын болса, онда әр автор мен оның жұмыс мекемесі қасында бірдей белгі қойылу керек) – жолдың ортасында;

Автор(лар)дың E-mail-ы – жақша ішінде, курсивпен, жолдың ортасында;

Мақала атауы – жолдың ортасында;

Аннотация (100-200 сөз; мақаланың атауын мейлінше қайталамауы қажет; әдебиеттерге сілтемелер болмауы қажет; мақаланың құрылысын (кіріспе, мақаланың мақсаты, міндеттері, қарастырылып отырған сұрақтың тарихы, зерттеу әдістері, нәтижелер/талқылау, қорытынды) сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұны берілуі қажет).

Түйін сөздер (6-8 сөз не сөз тіркесі). Түйін сөздер мақала мазмұнын көрсетіп, мейлінше мақала атауы мен аннотациядағы сөздерді қайталамай, мақала мазмұнындағы сөздерді қолдану қажет. Сонымен қатар, ақпараттық-іздестіру жүйелерінде мақаланы жеңіл табуға мүмкіндік беретін ғылым салаларының терминдерін қолдану қажет.

Негізгі мәтін мақаланың мақсаты, міндеттері, қарастырылып отырған сұрақтың тарихы, зерттеу әдістері, нәтижелер/талқылау, қорытынды бөлімдерін қамтуы қажет – жоларалық интервал - 1, азат жол «қызыл жолдан» - 1,25см, беттеу жолағы – еніне сай жасалады.

Таблица, суреттер – аталғаннан кейін орналастырылады. Әр таблица, сурет қасында оның аталуы болу қажет. Сурет айқын, сканерден өтпеген болуы керек.

Жалпы қолданыста бар аббревиатуралар мен қысқартулардан басқалары міндетті түрде алғаш қолданғанда түсіндірілуі берілуі қажет.

Қаржылай көмек туралы ақпарат бірінші бетте көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі. Мәтінде әдібиеттерге сілтемелер тікжақшаға алынады. Мәтіндегі әдебиеттер тізіміне сілтемелердің номерленуі мәтінде қолданылуына қатысты жүргізіліде: мәтінде кездескен әдебиетке алғашқы сілтеме [1] арқылы, екінші сілтеме [2] арқылы т.с.с. жүргізіледі. Кітапқа жасалатын сілтемелерде қолданылған бетттері де көрсетілуі керек (мысалы, [1, 45 бет]). Жарияланбаған еңбектерге сілтемелер жасалмайды. Сонымен қатар,

рецензиядан өтпейтін басылымдарға да сілтемелер жасалмайды (әдебиеттер тізімін, әдебиеттер тізімінің ағылшынша әзірлеу үлгілерін журнал http: // bulhistphaa.enu.kz сайтындағы мақаланы рәсімдеу үлгісінен қараңыз).

6. Мақала соңындағы әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтер орыс және ағылшын тілінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылған болса).

Авторлар туралы мәлімет: автордың аты-жөні, ғылыми атағы, қызметі, жұмыс орны, жұмыс орнының мекен-жайы, телефон, e-mail – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толтырылады.

7. Қолжазба мұқият тексерілген болуы қажет. Техникалық талаптарға сай келмеген қолжазбалар қайта өңдеуге қайтарылады. Қолжазбаның қайтарылуы оның журналда басылуына жіберілуін білдірмейді.

Редакцияға түскен мақала жабық (анонимді) тексеруге жіберіледі. Барлық рецензиялар авторларға жіберіледі. Автор (рецензент мақаланы түзетуге ұсыныс берген жағдайда) өңдеп қайта, қолжазбаның түзетілген нұсқасын редакцияға қайта жіберуі қажет. Рецензент жарамсыз деп таныған мақала қайтара қарастырылмайды. Мақаланың түзетілген нұсқасы мен автордың рецензентке жауабы редакцияға жіберіледі.

Пікірі мақұлданған мақалаларды редколлегия алқасына талқылап, басуға келіседі.

8. Төлемақы. Басылымға рұқсат етілген мақала авторларына төлем жасау туралы ескертіледі. Төлем көлемі 4500 тенге – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қызметкерлері үшін және 5500 тенге басқа ұйым қызметкерлеріне.

Реквизиттер:

1)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК банка: KCJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338
Кбе 16
Кнп 859

2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Bank RBK»
Бик банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859 – за статьи

3)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847
Кбе 16
Кнп 859

4)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «НародныйБанкКазахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
ИИК: KZ946010111000382181
Кбе 16, Кнп 859.

**Provision on articles submitted to the journal "Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series"**

1. Purpose of the journal. Publication of carefully selected original scientific works in the direction of history, anthropology, archeology, philosophy, religious studies.

2. An author who wishes to publish an article in a journal must submit the article in hard copy (printed version) in one copy, signed by the author to the scientific publication office (at the address: 010008, Republic of Kazakhstan, Astana, Satpayev St., 2. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Main Building, room 408) and by e-mail vest_hist@enu.kz in Word format. At the same time, the correspondence between Word-version and the hard copy must be strictly maintained. And you also need to provide the cover letter of the author(s).

3. Language of publications: Kazakh, Russian, English.

Submission of articles to the scientific publication office means the authors' consent to the right of the Publisher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish articles in the journal and the re-publication of it in any foreign language. Submitting the text of the work for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about himself, the lack of plagiarism and other forms of improper borrowing in the article, the proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, illustrations.

4. The volume of the article should not exceed 18 pages (from 10 pages).

Structure of the article (page – A4 format, portrait orientation, page margins on all sides - 20 mm. Font: type - Times New Roman, font size - 14)

5. GRNTI http://grnti.ru/ - first line, left

Initials and Surname of the author (s) - center alignment, italics

Full name of the organization, city, country (if the authors work in different organizations, you need to put the same icon next to the name of the author and the corresponding organization) - center alignment, italics

Author's e-mail (s)- in brackets, italics

Article title - center alignment,bold

Abstract (100-200 words, the article title should not repeat in the content, it should not contain bibliographic references, it should reflect the summary of the article, preserving the structure of the article - introduction, problem statement, goals, history, research methods, results /discussion, conclusion).

Key words (6-8 words/word combination. Keywords should reflect the main content of the article, use terms from the article, as well as terms that define the subject area and include other important concepts that make it easier and more convenient to find the article using the information retrieval system).

The main text of the article should contain an introduction, problem statement, goals, history, research methods, methodology, results / discussion, conclusion - line spacing - 1, indent of the "red line" -1.25 cm, alignment in width.

Tables, figures should be placed after the mention. Each illustration should be followed by an inscription. Figures should be clear, clean, not scanned.

All abbreviations, with the exception of those known to be generally known, must be deciphered when first used in the text.

Information on the financial support of the article is indicated on the first page in the form of a footnote.

References. In the text references are indicated in square brackets. References should be numbered strictly in the order of the mention in the text. The first reference in the text to the literature should have the number [1], the second - [2], etc. The reference to the book in the main

text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [1, 45 p.]). References to unpublished works are not allowed. Unreasonable references to unreviewed publications (examples of the description of the list of literature, descriptions of the list of literature in English, see below in the sample of article design).

6. At the end of the article, after the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data in Russian and English (if the article is in Kazakh), in Kazakh and English (if the article is in Russian) and in Russian and Kazakh languages (if the article is English language).

Information about authors: surname, name, patronymic, scientific degree, position, place of work, full work address, telephone, e-mail - in Kazakh, Russian and English.

7. The article must be carefully verified. Articles that do not meet technical requirements will be returned for revision. Returning for revision does not mean that the article has been accepted for publication.

Work with electronic proofreading. Articles received by the Department of Scientific Publications (editorial office) are sent to anonymous review. All reviews of the article are sent to the author. The authors must send the proof of the article within three days. Articles that receive a negative review for a second review are not accepted. Corrected versions of articles and the author's response to the reviewer are sent to the editorial office. Articles that have positive reviews are submitted to the editorial boards of the journal for discussion and approval for publication.

Periodicity of the journal: 4 times a year.

8. Payment. Authors who have received a positive conclusion for publication should make payment (for ENU employees - 4,500 tenge, for outside organizations - 5,500 tenge). Requisites are posted on the journal's website.

Requisites:

1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК банка: KCJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338
Кбе 16
Кпн 859

2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Bank RBK»
Бик банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859

3)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847
Кбе 16
Кнп 859

4)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «НародныйБанкКазахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
ИИК: KZ946010111000382181
Кбе 16, Кнп 859.

**Положение о рукописях, представляемых в журнал «Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение»**

1. Цель журнала. Публикация тщательно отобранных оригинальных научных работ и обзоров книг по направлениям: история, антропология, археология, философия, религиоведение.

2. Автору, желающему опубликовать статью в журнале необходимо представить рукопись в твердой копии (распечатанном варианте) в одном экземпляре, подписанном автором в Отдел научных изданий (по адресу: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Учебно-административный корпус, каб. 408) и по e-mail vest_hist@enu.kz. При этом должно быть строго выдержано соответствие между Word-файлом и твердой копией. Также авторам необходимо предоставить сопроводительное письмо.

Язык публикаций: казахский, русский, английский.

3. Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя, Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, издания статей в журнале и переиздания их на любом иностранном языке. Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций, а также дает согласие на проверку уникальности текста статьи.

4. Объем статьи не должен превышать 18 страниц (от 6 страниц).

5. Схема построения статьи (страница – А4, книжная ориентация, поля со всех сторон – 20 мм. Шрифт: тип – Times New Roman, размер (кегль) - 14):

МРНТИ http://grnti.ru/ - первая строка, слева.

Инициалы и Фамилию автора(ов)- выравнивание по центру, курсив

Полное наименование организации, город, страна (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации). E-mail автора(ов) – в скобках, курсив.

Название статьи – выравнивание по центру полужирным шрифтом

Аннотация (100-200 слов; не должна содержать формулы, по содержанию повторять название статьи; не должна содержать библиографические ссылки; должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи – введение, постановка задачи, цели, история, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы).

Ключевые слова (6-8 слов/словосочетаний).

Ключевые слова должны отражать основное содержание статьи, использовать термины из текста статьи, а также термины, определяющие предметную область и включающие другие важные понятия, позволяющие облегчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информационно-поисковой системы).

Основной текст статьи должен содержать введение, постановка задачи, цели, история, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы – межстрочный интервал – 1, отступ «красной строки» -1,25 см, выравнивание по ширине.

Таблицы, рисунки необходимо располагать после упоминания. С каждой иллюстрацией должна следовать надпись. Рисунки должны быть четкими, чистыми, несканированными.

Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте.

Сведения о финансовой поддержке работы указываются на первой странице в виде сноски.

Список литературы. В тексте ссылки обозначаются в квадратных скобках. Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1], вторая - [2] и т.д. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например, [1, 45 стр.]). Ссылки на неопубликованные работы не допускаются. Нежелательны ссылки на нерецензируемые издания (примеры описания списка литературы, описания списка литературы на английском языке см. на сайте журнала http: bulhistphaa.enu.kz в образце оформления статьи).

В конце статьи, после списка литературы, необходимо указать библиографические данные на русском и английском языках (если статья оформлена на казахском языке), на казахском и английском языках (если статья оформлена на русском языке), на русском и казахском языках (если статья оформлена на английском языке).

Сведения об авторах: фамилия, имя, отчество, научная степен, должность, место работы, полный служебный адрес, телефон, e-mail – на казахском, русском и английском языках.

6. Рукопись должна быть тщательно выверена. Рукописи, не соответствующие техническим требованиям, будут возвращены на доработку. Возвращение на доработку не означает, что рукопись принята к опубликованию.

7. Работа с электронной корректурой. Статьи, поступившие в Отдел научных изданий (редакция), отправляются на анонимное рецензирование. Все рецензии по статье отправляются автору. Статьи, получившие отрицательную рецензию к повторному рассмотрению не принимаются. Исправленные варианты статей и ответ автора рецензенту присылаются в редакцию. Статьи, имеющие положительные рецензии, представляются редколлегии журнала для обсуждения и утверждения для публикации.

Периодичность журнала: 4 раза в год.

8. Оплата. Авторам, получившим положительное заключение к опубликованию необходимо произвести оплату по следующим реквизитам (для сотрудников ЕНУ им. Л.Н. Гумилева – 4500 тенге, для сторонних организаций – 5500 тенге):

Реквизиты:

1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК банка: KCJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338
Кбе 16
Кпн 859

2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Bank RBK»
Бик банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859

3)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847
Кбе 16, Кнп 859

4)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «НародныйБанкКазахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
ИИК: KZ946010111000382181
Кбе 16
Кнп 859.

Редактор: Е.Б. Сыдықов
Шығарушы редактор: Қ. Ж. Жұмабекова
Дизайн: Қ. Ж. Жұмабекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы.
-2019. - 1 (122). - Астана: ЕҰУ. 87-б.
Шартты б.т. -14 Таралымы - 25 дана

*Мазмұнына типография жауап бермейді.*

Редакция мекенжайы: 010008, Астана қ., Сатпаев көшесі, 2.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-357)
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды